

**Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының
Шардара ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің
«Әсел» бөбекжай-балабақшасы МҚКК
Өндірістік кеңес**

Хаттама № 1

12.09.2022 жыл

Қатысқандар бөбекжай
балабақша қызметкерлері

Күн тәртібінде

Еңбек қауіпсіздігі және техника қауіпсіздігі шаралары
Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау жөніндегі нұсқаулықтар
бойынша қызметкерлердің білімін тексеру, төтенше жағдайлардағы
персоналдың әрекеті
Істер номенклатурасын реттеу жөніндегі жұмыс

Күн тәртібінде: Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі
Г.У.Жанабилова сөз алды. Барлық қызметкерлерді еңбек қауіпсіздігі және
техника қауіпсіздігі бойынша таныстырды. Қызмет барысында қызметкерлер
қауіпсіздік ережелерін сақтап, әрқашан сақ болуларын түсіндірді.

Күн тәртібінде: Екінші мәселе бойынша балабақша медбикесі
Г.Бисенбекова балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау жөніндегі
нұсқаулықтар бойынша таныстырып өтті. Нұсқаулықта балалардың
денсаулығы үнемі бақылауда және төтенше жағдайда қызметкердің іс-
әрекеті туралы айтылды. Төтенше жағдай кезінде қосымша шығу есіктері
арқылы әрекет жасап, балалардың денсаулығын бірінші орынға қойып,
оларды қауіпсіз орынға шығару керектігі айтып өтті.

Күн тәртібінде: Үшінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі
Г.У.Жанабилова балабақша қызметкерлерін істер номенклатурасымен
таныстырып, алдағы уақытта осы номенклатура бойынша жұмыс
жасалынсын деп жиналысты қорытындылады.

Қаулы етеді:

Еңбек қауіпсіздігі мен техника қауіпсіздігі сақталсын.

Меңгеруші:



Г.У.Жанабилова

Хатшы:



М.Нурбаева

**Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының
Шардара ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің
«Әсел» бөбекжай-балабақшасы МКҚК
Өндірістік кеңес**

Хаттама № 2

14.11.2022 жыл

Қатысқандар бөбекжай
балабақша ұжымы

Күн тәртібінде

Балабақшаның қысқа дайындығы

Жас маманға әдістемелік көмек беру және өз міндеттерін орындаудағы жеке жауапкершілігін күшейту факторы

Күн тәртібінде: Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Г.У.Жанабилова сөз алды. Қысқы маусымға дайындық жұмыстары жөнінде тоқталды. Балабақшада жылыту маусымына дайындық жасау үшін бірінші тазалық жұмыстары жатады. Қазандықтарды жөндеу, сылап, ақтап, сырлап шығу. Дегенмен, қажетті құралдарды сынықтарын түзеп, қысқы маусымға дайындап, толықтыра түсуіміз қажет. Тазалық жұмыстарын күрделі де, аса жауапкершілікпен жүргізілсін. Шаруашылық меңгерушісі П.Жанысбаеваға қажетті материалдар есептеліп, қажетті құралдар алынсын және барлық жасалған жұмыс қадағаланып жауапкершілікпен жасалсын деп тапсырылды.

Күн тәртібінде: Екінші мәселе бойынша балабақша әдіскері А.Султанбекова сөз алып, жас мамандарға әдістемелік көмек беріледі.

Сонымен қатар жас мамандарды біліктілікті арттыру курсына жіберілетінділігі айтылды.

Қаулы етеді:

Қазандықтар қысқы маусымға дайындалсын

Меңгеруші:



Г.У.Жанабилова

Хатшы:



М.Нурбаева

**Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының
Шардара ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің
«Әсел» бөбекжай-балабақшасы МКҚК
Өндірістік кеңестің**

Хаттама № 3

26.12.2022 жыл

Қатысқандар бөбекжай
балабақша қызметкерлері

Күн тәртібінде

- 1.Баяндама: Қоршаған ортаның бала тілін дамытудағы рөлі
- 2.Жылу мәселесі қазандықтары мен электр желілерін ретке келтіру туралы
- 3.Жаңа жыл ертеңгіліктерінде қауіпсіздік сақтау ережелерін орындау

Күн тәртібінде: Бірінші мәселе бойынша балабақша әдіскер А.Султанбекова балалардың өмірі мен денсаулығын сақтау нұсқаулығы бойынша тәрбиешілер мен тәрбиеші көмекшілері толыққанды жұмыс істеп жатқанын, балабақшада тосын жағдай орын алмағанын айтып өтті

Күн тәртібінде: Екінші мәселе бойынша балабақша тәрбиешісі Г.Баянова «Қоршаған ортаның бала тілін дамытудағы рөлі» тақырыбында баяндама оқыды. Баяндама барысында бала тәрбиесі отбасынан бастау алады десекте, ғылымға негізделген әдіс-тәсілмен берілетін тәлім-тәрбие ісі көбінесе балабақшадан басталып, мектепте жан-жақты педагогикалық өрісін табады. Әсіресе балабақшадағы тәрбие бала табиғатына ерекше әсер етіп, оған өмір бойы өшпестей із қалдырады. Біздің қоғамымызда тәрбиелік мәні, дүние танымдық орны жоғары бағаланады. Мектепке дейінгі тәрбие үздіксіз білім берудің алғашқы сатысы. Өйткені, сәби тұңғыш білім-дағдыларын өмірден алады. Айналасындағы адамдардың іс-әрекетін, табиғат пен жан-жануарлар дүниесін, қоғамдық өмірді бақылап көру, сезініп, түсіну арқылы ой-өрісі кеңейіп, тілі дамиды, лексикалық қоры молаяды.

Күн тәртібінде: Үшінші мәселе бойынша шаруашылық меңгерушісі «Балабақшаның қысқы жылыту мерзіміне дайындығы, топтарға жылудың берілуі мен сақталуы» мәліметін жасады. Балабақша қыс мерзіміне дайын. Жылу жүйесіндегі ақаулар жөнделіп, мұржалар тексеруден өткізіліп, пеш қысыммен тексерілді. Барлық топ 20-22 С қалыпты температура сақталуда екенін айтты. Балабақша басшысы жылу беру маусымына байланысты от жағушыларды, педагог және ішкі қызметкерлер арасында өрт және техника қауіпсіздігін сақтау үшін арнайы нұсқаулықтармен таныстырды. Қауіпті жағдай туындаған жағдайда басшыларға жедел түрде хабарлау керектігі айтылды. Электр тогына қосылатын жылу жүйесін пайдаланбау ескертілді.

От жағушы қазандықтардың жалпы жағдайы жайлы хабарлап отыруды шаруашылық меңгерушісі П.Жанысбаеваға ескертті.

Күн тәртібінде: Үшінші мәселе бойынша балабақша әдіскері А.Султанбекова балабақшада жаңа жыл мерекесін өткізуде өрт қауіпсіздігінің қандай шараларын сақтау керектігі жайлы айтып өтті. Акт залында өрт қауіпсіздік шараларын сақтай отырып, тоқ көзіне қосылған шамдар мен шырша орнатылатынын айтты. Ата-аналарға жиналыс өткізіліп, жазатайым оқиғаларды болдырмау мақсатында жадынамалар таныстырылсын деп тәрбиешілерге ескертілді.

Қаулы етеді:

Балалардың денсаулығын нығайтуда бірлесе жұмыс жүргізілсін.

Меңгеруші:



Г.У.Жанабилова

Хатшы:



М.Нурбаева